



Автор: БАХТЫБАЕВА МАЙРА ЖАРАСОВНА
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Ғарышқа саяхат
Тақырып: Бізді мазалаған сұрақтар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.3.1 Шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру 4.3.3.1 Шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну 4.3.2.1 Таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мәтін жанрын анықтай алады, тақырыбына сүйене болжай отырып, өз пайымдауларын ұсына алады; шығармашылық жұмысты өз бетінше орындай алады. Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыпқа қатысты пайымдауларын дәлелдей алады. Кейбір оқушылар: Өзге оқушылардың пікірлеріне сыни пікір айта алады.
Тілдік мақсаттар:	дирижабль, планер, аэростат, шар ,сутек, көксеу мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы сөздік қорларына кіріктіру
Күтілетін нәтиже:	-мәтін жанрын анықтай алады -тақырыбына сүйене болжай отырып -өз пайымдауларын ұсына алады -шығармашылық жұмысты өз бетінше орындай алады
Бағалау критерийлері:	Мәтін сюжетін болжайды. Өз пайымдауларын ұсынады. Шығармашылық жұмысты өз бетінше орындайды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушы қиялына ерік бере отырып, олардың өткені мен бүгінінің арасындағы айырмашылықты ажыратып, болашаққа деген көзқарастарының дұрыс қалыптастуына ықпал ету.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану, дүниетану
Бастапқы білім:	Шығарманың мазмұнын түсініп оқу, нақтылау және себеп-салдарын анықтау сұрақтарын қоя алады. Ұшу кемелері туралы жалпы білімдері бар.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (0-10 мин)</p>	<p>Қызығушылықты ояту «Сұраққа жауап бер» айдары «Ұшты,ұшты» ойыны ұйымдастырылады. Бұл ойын оқушылардың ненің ұшып,ненің ұша алмайтынын анықтауы үшін қолданылады. (Қарға ұшты – екіқолды көтеру, қағаз ұшты – қолды көтермеу). Ойын аяқталған соң,оқушылардан тағы бір рет ұшу жөнінде сұрап өткен жөн.</p> <p>ББҮ кестесі. Сен төмендегі сұрақтардың қайсысына жауап бере аласың? (Сұраққа жауап беру барысында кітаптағы суретті басшылыққа алу)</p> <p>Білемін Білгім келеді Үйрендім</p> <ul style="list-style-type: none"> - Құстар қалай ұшады? - Ғарышқа не үшін ұшады? - Ұшуды кім ойлап тапты? - Доп неге шар сияқты ұшпайды? - Не ауыр, не жеңіл? - Сен үшін ең қызық сұрақ қайсысы? - Өзің қандай сұрақ қосар едің? <p>Дескриптор -Оқушылар кестенің Білемін және Білгім келеді деген жағын толтырады. ҚБ: оқушылар жауабын тыңдау, мадақтау</p>	<p>ББҮ кестесі</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Мағынаны тану</p> <p>Мұғалім: Оқушылар, адамның ұшуды қалай үйренгені жайлы Александр Романович Беляевтың айтқан ойымен танысайық, Ол (1884 – 1942) – бірнеше ғылыми-фантастикалық романдар жазған орыс жазушысы. Оның «Қосмекенді адам» атты кітабы су астында өмір сүре алатын адам туралы. Бұл фантастикалық роман бойынша көркемфильм де шығарылған.</p> <p>«Түсініп оқы» айдары</p> <p>ТЖ. «Алдын ала берілген атаулар»</p> <p>Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша (соңғысы тиімдірек) орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады. Тақтаға жазылатын сөздер: дирижабль, планер, аэростат, шар т.б. Оқушылар осы сөздердің мағынасын болжаған соң, дұрыс- бұрыстығын білу үшін «Адам ұшуды қалай үйренді?» мәтінін оқиды. Мәтінді үш бөлікке бөліп, әр топ өз бөлімдерінің мазмұнын топта талқылайды. Содан соң өзге топ мүшелеріне түсіндіру жұмыстары және сөздікпен жұмыс жүргізіледі.</p> <p>«Жаңа сөздер сандығы» әдісі</p> <p>Сутек – ең жеңіл газ Көксеу – армандау</p> <p>ТЖ. «Ара ұясы» тәсілі</p> <p>Мұғалім топтағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір топ кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланады, өңделеді. – Ұшу аппаратын жасау кезінде ғалымдар қандай кедергілерді байқады? – Біз демалатын ауа – оттегі туралы не айтылған? Бұл жерге саралау тапсырмасы ретінде кей оқушыларға топтардың жауаптарына (сұрақтарына) өз пікірін білдіру ұсынылады.</p> <p>ҚБ: топтар бір-бірін «Басбармақ» әдісі арқылы бағалайды.</p> <p>«Анықта» айдары Осы тапсырмадан соң оқушылар мәтіннің жанрын анықтайды. «Құрастыр» айдары</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әуе шарының суретін дайындап (таңдаған пішінде), оны безендіріңдер. Оған ат қойыңдар. Сипаттаңдар. <p>ҚБ: «Бағдаршам» әдісі бойынша топтардың бірін-бірі бағалауын ұйымдастыруға болады.</p>	<p>Интербелсен- ді тақта</p>

Сабақтың соңы	ББҮ кестесін толтыру. Соңғы бағанын толтырады. Білемін Білгім келеді Үйрендім ҚБ: «Ду қол шапалақ» әдісі бойынша жақсы айтылған пікірге қол шапалақтау арқылы қолдау көрсету жүзеге асады.	
Рефлексия	Рефлексия «Қорытындыла» айдары – Армандар оңай орындала ма? Дескрипторы: -Оқушылар ойы тыңдалады. Үйге тапсырма: Бүгінгі заманда ұшақтар, тікұшақтар болмаса, адам үшін қандай қиындықтар, мәселелертуындареді? Әңгімелеуге дайындал	